

## Облыс әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

Облыс әкімдігі ғимараты  
№ 230 мәжіліс залы

2 маусым 2017 жыл  
сағат 11.30

**Төрағалық етуші:** Нұрғалиев Ербол Жолдаспекулы – Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары, Мемлекеттік рәміздер жөніндегі облыстық комиссиясы төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:** Е.Нұрғалиев, Б.Елеусінова, Ғ.Байдербес, С.Өмірбекова, М.Қорғанбаева, М.Қойлыбаев, Е.Құрманбек, Н.Жүсіпов, Қ.Токушев, Г.Төлебаева, А.Хайрулин, Н.Шарипова, К.Омарбекова.

Шақырылғандар: Ақтөбе қаласы және аудан әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімдерінің басшылары

### Күн тәртібі:

**1. Қарғалы ауданында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы жұмыс барысы туралы**

**2. Мұғалжар ауданында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы жұмыс барысы туралы**

### Бүгінгі отырыс бойынша төмендегі ұсыныстар қабылданады:

1. Қарғалы, Мұғалжар аудандарында Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау саласындағы жұмыс барысы туралы ақпараттар назарға алынып, анықталған кемшіліктерді ағымдағы жылдың **2 шілдеге дейін** түзетіп, облыстық ішкі саясат басқармасына ақпарат берілсін.

**2. Ақтөбе қаласы және аудандар әкімдеріне, облыстық департаменттер мен басқармалар, мемлекеттік мекемелер басшыларына:**

- А.ж. ҚР мемлекеттік рәміздерінің 25 жылдығы аясында облыста кеңі көлемді шараларды, жыл соңына дейін өткізу. 4 маусым рәміздер күніне орай түрлі акциялар, форумдар, патриоттық шараларды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қабылдануының 25 жылдығына орай Ақтөбе қаласы мен елді мекендерді мерекелік безендіру, тақырыптық ұрандар, кермелер, слогандар ілу, билбордтар орналастыру;



- 4 маусым күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін бір мезетте орындау жөніндегі шараларды ұйымдастыру (орталық алаңдарда, саябақтарда, вокзалдарда, аэропорттарда, қоғамдық көліктерде және т.б.)
- Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеуге арналған, ресми және салтанатты рәсімдерде, спорттық іс-шараларда медальдарды, төсбелгілерді, ведомстволық наградаларды, құрмет грамоталарын және алғыс хаттарды табыстау;
- жаңа объектілердің, ұйымдардың ашылуын, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдау шараларын ұйымдастыру
- «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы. Техникалық шарттары» ҚР СТ 989-2014 ұлттық стандартына сәйкес 2017 жылдың 4 маусымына дейін ауыстыру;
- Мемлекеттік рәміздерді ауыстыру және жою жұмыстарын Ережеге сәйкес жүргізу;
- Ақтөбе қаласы мен аудандар әкімдіктерінің және барлық мемлекеттік органдардың сайттарында Мемлекеттік рәміздердің Ережеге сәйкес орналастырылуын қатаң қадағалау;
- Интернет ресурстарда, әлеуметтік желілерде мемлекеттік рәміздердің 25 жылдығын кеңінен насихаттауға бағытталған ақпараттық шаралар ұйымдастыру

### 3. Мұғалжар ауданының әкіміне:

- Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мен пайдалану жөніндегі жұмыс органы Мұғалжар аудандық ішкі саясат бөлімінің үйлестіру және әдістемелік көмек көрсету жұмысындағы қызметі қанағаттандырылықсыз деп бағаланып, жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік жаза қолдану мәселесі қарастырылсын

4. Отырыс хаттамасының орындалуына бақылау жасау Мемлекеттік рәміздер жөніндегі облыстық комиссия мүшелеріне және комиссияның жұмыс органы - облыстық ішкі саясат басқармасына жүктелсін.

**Облыс әкімінің орынбасары,  
Мемлекеттік рәміздер жөніндегі  
облыстық комиссия  
төрағасының орынбасары**




**Е.Нұрғалиев**

